

# Рим құқығы және мораль

Рим құқығының мәні оның заңды мазмұнымен ғана шектелмейді. Оның адамгершілік аспектісінің өзі дербес мәнге ие. Рим құқығы адамзат тарихында ерекше орынды иеленген.

- Рим құқығының екінші ерекшелігі болып оның әмбебаптығы табылды. Ол Рим құқығының халықаралық сауда қатынастарына барынша ден қоюымен байланысты болды. Әрқашан оның аумағында түрлі ұлт саудагерлері қатынасқан көптеген іскерлік қатынастар қалыптасатын; римдік магистраттар осы қатынастардан туындайтын дауларды шешуге, осы дауларды шешу үшін нормалар шығаруға міндетті болатын.

- Бұл жерде ескі рим құқығы аталған мақсат-талаптарға жауап бере алмады, жергілікті және ұлттық ерекшеліктерден тәуелсіз, римдікті де, гректі де, египеттікті де, гаалды да қанағаттандыратындай жаңа құқықтың қажеттігі туды. Халықаралық қатынастарда пайда болатын халықаралық айналымның әдет-ғұрыптарын өзіне сіңіре білген, жан-жақты, бүкіләлемдік құқық қажет болды. Рим болса халықаралық айналымның әр жерде шашыраған әдет-ғұрыптарын қайта өндеуден өткізіп, оны біртұтас жүйеге айналдырған лаборант ролін атқарды.

- Рим құқығының қалыптасып бітуі атақты заңдар жинағы-император Юстинианның келеді. Жаңа халықтардың табиғи экономикалық дамуы оларды халықаралық сауда қатынастарына алып келеді. Экономикалық даму қайтадан тұлғаны кез-келген феодалдық, қауымдық және патриархалдық құрсаулардан босатуды, жеке тұлғаға қызмет бостандығын, өзін-өзі анықтау бостандығын беруді талап етеді.

- Республика кезеңінің алдындағы патшалар заманында рим құқығы мемлекеттік құрылымның негізгі элементтерін анықтады, олар: патша, сенат, халық жиналысы. Патша мемлекеттің жоғарғы басшысы болып табылады, оның қолында мемлекеттік биліктің барлық функциялары жинақталған. Ол халықтың бас қолбасшысы да, ішкі тәртіпті сақтаушы да, құдайлардың алдындағы халық өкілі де. Қолбасшы ретінде ол әскери күштерді басқарады, командирлерді тағайындайды.

- Ішкі тәртіпті сақтаушы ретінде ол сот және қылмыс жасаған адамдарды жазалау құқығын, тіпті, өмір мен өлім құқығын да иеленеді. Жоғарғы арыз ретінде ол жалпы халықтық рәсімдердің жүзеге асыру тәртібін анықтайды. Әртүрлі куриялардан құралған халық жиналысы жаңа заңдарды, азаматтық, жеке құқықтық өмір, ішкі және сыртқы саясат мәселелерін талқылады. Бұл құрылым қазіргі кездегі құрылымды еске түсіреді.

- Республика кезеңіндегі рим құқығы тарихының да саяси өмірдің талабы – адамгершілік нормалардың пайда болу көзқарасы тұрғысынан маңызы зор болды. Рим аумағының кеңеюі мемлекеттік құрылымды ұйымдастыруда әртүрлі аумақтардың ерекшеліктерін ескеру қажеттігін тудырды. Олардың тұрғындары әртүрлі азаматтық мәртебеге ие болды және осының нәтижесінде екіге бөлінді:

- - Барлық құқықтарды иеленген толық құқылы азаматтар. Бұлар ерекше санатқа жатқызылды.
- - Азаматтық қатынастар саласында толық құқық қабілеттікті иеленген, алайда, саяси құқықтарды иеленбеген азаматтар. Олар мекендеген аумақтардың ішкі автономиясы шектеледі, ал оларды басқару үшін Римнен ерекше префекттер жіберіледі.



Ежелгі  
Рим тарихын  
үш кезеңге  
бөлуге болады

Патшалық кезең  
(б.э.дейінгі  
754-510ж.ж.)

Республикалық  
кезең(б.э.дейінгі  
509-28ж.ж.)

Императорлық  
кезең(б.э.дейінгі  
27ж.-б.э.476ж.)

Империяның  
құлдырап, құлауы  
және оның екіге  
бөлінуі орын алды

Батыс империя  
(астанасы Рим)

Шығыс  
империясы  
(астанасы  
Константинополь)